

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ
«ХИРУРГИЯ ЖӘНЕ АНЕСТЕЗИОЛОГИЯ-РЕАНИМАЦИЯ» КАФЕДРАСЫ**

БЕКІТЕМІН»
«Жоғары оқу орнынан кейінгі
медициналық білім беру» факультет
декан»
Ж.А. Жағипарова
2026 ж.



**Тәрбие және жастармен жұмысты ұйымдастырудың 2025-2026 оқу жылында атқаратын
тәрбие жұмысының жарты жылдық**

ЕСЕБІ

Шымкент 2026

**2025-2026 оқу жылының басында тәрбие жұмысының жоспары құрастырылып,
талқыланып, бекітілген.**

№	Іс-шараның атауы		Орындалу мерзімі	Жауапты тұлғалар	Есеп беру құжаты
1. Ұйымдастыру жұмыстары					
1	Кафедра Тәрбие жұмысы жөніндегі 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарын бекіту.	Ұйымдастыру жұмыстары	Қыркүйек 2025 ж.	Муканова У.А., ОПҚ	Хаттама №-1
2	Кафедраның тәрбие жоспарына талдау жасау және бекіту	Бақылау	Қыркүйек 2025 ж.	Муканова У.А. Абдугаппаров И.А.	Хаттама №-1
2 Ұлттық –патриоттық тәрбие					
3	1-қыркүйек «Білім күні» мерекелік іс-шара ұйымдастыру	Іс-шаралар	2025ж. Қыркүйек	ОПҚ	Хаттама №-1
3 Азаматтық –құқықтық тәрбие бағыты					
5	Оқытушылар мен студенттер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған ақпараттық-насихаттау. Білімгерлерге арналған «Адалдық кодекс» туралы ақпаратты кеңінен насихаттау.	Іс-шаралар	Жоспар бойынша	ОПҚ	Хаттама №3
4 Рухани, адамгершілік тәрбие бағыты					
6	Birgemiz: Sauluq жалпы ұлттық жобасы аясында «Бірінші болып жәрдем бер!» жобасын ұйымдастыру	Іс-шаралар	Желтоқсан-қаңтар	ОПҚ	Хаттама №2
5 Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру					
9	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбы бойынша студенттермен подкасттар түсіру, бейнероликтер ұйымдастыру, тарату материалдарының эскиздерін әзірлеу және тарату	Іс-шаралар	өткізілу уақытына байланысты	ОПҚ	Хаттама №4
10	Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультетінің бітіруші түлектеріне арналған диплом беру рәсімін салтанатты түрде атап өткізу				

«Хирургия және анестезиология-реанимация» кафедрасының оқытушылары 2025-2026 оқу жылында білімгерлердің тәлім-тәрбиесіне үлкен көңіл бөлуде. Білімгерлердің білімді дәрігер болуына, мәдениетті, тәртіпті, өз елінің адал ұл-қыздары болып өсуіне атсалысуда.

Әр курс жетекшісі тәжірибелік сабақтар үстінде және өз топтарында тәлімгерлік жетекшілік жұмыстарын атқарады. Тұрмыстық жағдайымен, ай сайынғы сабақ үлгерімін бақылып жүреді.

«1 – қыркүйек - Білім күні» атты тәрбие сағаттарын өткізіп тәрбие сағатында білім алушылармен танысып, білім алушылар жөнінде мәліметтер жинайды. Тәлімгерлік жұмыстың жоспарымен, ҚР БҒМ № 125 «Оқу ұйымдарында білім алушылардың үлгерімін ағымды бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік сараптауды жүргізу ережесі» атты бұйрығымен университеттің және жатақхана регламентімен білім алушыларды таныстырады.

Кафедра оқытушылары ХҚТУ-нің жатақханаларында кезекшіліктерін атқарды.
Хирургия және анестезиология-реанимация кафедрасы оқытушыларының 2025-2026 оқу жылының №1 жатақханасында жасалынатын кезекшілік кестесі

№	Кафедра атауы	Жатақхана мекен жайы	Кезекшілік күні
	Хирургия және анестезиология кафедрасы	№1ХҚТУ жатақханасы, Быковский 54 көшесі	01.01.2026-31.01.2026

Қыркүйек айында тәрбие жоспарына сәйкес тәлімгерлік бекітілген кураторлық топтармен танысу және олардың арасында жүргізілетін іс-шаралармен таныстырылды, жатақханадағы кезекшілік кестесін ұйымдастыру, тәрбие жұмысының жоспарымен таныстыру, талантты білім алушыларды (спорт, өнерпаз) іріктеу. Осы бағытта мәдени-спорттық іс-шаралар жүргізілді, Әлеуметтік жағдайы төмен білімгерлерді анықтап, қажетті құжаттарын жинап деканатқа өткізілді. Білімгерлерменде жиналыс жасалынып, оқытушылар мен студенттер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған ақпараттық-насихаттау жұмыстары жүргізілді. Білімгерлерге арналған «Адалдық кодекс» туралы ақпаратты кеңінен насихатталды.

Жетім және жартылай жетім білімгерлер тізімі Кудияров Б..

Қазан айында тәрбие жоспарына сәйкес курс жетекшілері қазан айында білім алушылармен 3 рет кездесу жүргізіп, олардың сабаққа қатысуын және білім деңгейін бақылады. Ақылы оқитындарға оқу ақысын 25 пайызға төленуі керек екендігі айтылды.

Шымкент қаласының Қалалық балалар ауруханасында оқытушы Жамбаева Н.Д. және Абдугаппаров И.А. Birgemiz: Sauluq жалпы ұлттық жобасы аясында «Бірінші болып жәрдем бер!» атты мастер класс өткізді. Мастер класста сол ұйымның дәрігерлеріне және білім алушыларға «BLS, ACLS, PALS, PHTLS курстарын жүргізді. Курс спонтанды қан айналымын қалпына келтіргеннен кейін командалық динамика мен сапалы коммуникацияның, медициналық көмекке жүйелі көзқарастың және шұғыл көмектің маңыздылығын көрсететін мамандандырылған мастер класс болып табылады. Оқыту барысында қатысушылар симуляцияланған тақырыптық клиникалық сценарийлерді іске асыру арқылы шағын топтарда және бағалау станцияларында практикалық дағдыларды меңгерді.

Қараша айында тәрбие жоспарына сәйкес курс жетекшілері қараша айында білім алушылармен 3 рет кездесу жүргізіп, олардың сабаққа қатысуын және білім деңгейін бақылады. Ақылы оқитындарға оқу ақысын 25 пайызға төленуі керек екендігі айтылды.

Хирургия және анестезиология-реанимация кафедрасының оқытушылар Сергазин Ж.Р., Абдугаппаров И.А бастамасымен оқытушылар мен білім алушыларға арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған іс-шара өткізілді. Абдугаппаров И.А. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» доклад оқыды: Іс шара мақсаты – елімізде сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, барынша жою. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау. Оқытушы Абдугаппаров И.А. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң туралы айтып өтті: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.


Желтоқсан айында тәрбие жоспарына сәйкес Абдугаппаров И.А. ұйымдастырылуымен өтілген Желтоқсан оқиғасы және тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты экскурсиялық іс-шара ұйымдастырылды.

«Тәуелсіздігіміздің 34 жылдығына» орай «Тәуелсіздік саябағына» барып, осы саябақта орналасқан 1991 жылдан бері болған тарихи оқиғаларды еске алып, ұлттық рәміздеріміздерге тағзым етілді.

Хирургия және анестезиология-реанимация
кафедрасының мәжілісінде қаралған
хаттама № 6, 05.01.2026 ж.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., профессор

Тәрбие жұмысына жауапты



Муканова У.А.

Абдугаппаров И.А.